


Жарқын болашаққа жолдама

Мамандардың көмегімен аудан жастарына тегін кеңес берілді

Қаңтардың 12-ші жұлдызында барша Республика төңірегінде «Жастар рухы» Жастар қанатының көшпелі мобильді тобы «Жастарға кеңес» жобасы өз жұмысын бастады. Ұйымдастырылған шараның шымылдығы алғашқы болып біздің ауданда түрілді.

Жобаның мақсаты - жастардың өзекті мәселелерін анықтай отырып, оларға кеңес ретінде көмек беру болып табылады. Мобильді топтың алғашқы кеңесі «Аманат» аумақтық филиалының атқарушы хатшысы Алла Тишбаеваның қолдауымен және де «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, аудандық жұмыспен қамту орталығы, «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі аудандық «Жастар ресурстық орталығы» мамандары жастармен кездесіп қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіріп, бірқатар мәселелер бойынша кеңес берді.

Аталмыш шара «Жастарға жұмыс» жобасы аясында іске асырылуда. Оқуды аяқтап, қолға диплом ұстаған жас маман өз болашағы үшін алаңдайтыны мәлім, ал бұл ұсынылып отырған іс-шара



Жас мамандар мен студенттер кеңес отырысында көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды

ел жастарына таптырмас мүмкіндік.

- Жастардың өзекті мәселелерін шешу, тұрғын үй, жұмыспен қамту, құқықтық сүйемелдеу және басқада түрлі мәселе бойынша консультациялық көмек көрсетуде ұйымдастырылып отырған жұмыстың алар орны ерекше. Өткен жылы жоба аясында мыңдаған жас шешімін таппай жүр-

ген мәселелері бойынша бағыт-бағдар алды. Солардың ішінде көпшілігі жұмыссыздық және тұрғын үй, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелермен жүгінеді. Бүгінгі іс-шарада «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, «Отбасы банк» және де жұмыспен қамту орталықтары жастарға өз көмектерін тигізіп жатыр. Алдағы уақытта біз

көптеген мекемелермен және де 2-ші сатылы банк қызметкерлерімен жұмыс жасау жоспарымызда бар. Бүгінгі Меңдіқара ауданының ұйымдастырылған кеңес алғашқысы, ендігі жоспар облыстың барлық аудан - ауылдарын аралап ел жастарына өз кеңесімізбен бөліскіміз келеді, - дейді жастар кеңесінің төрағасы Серік Манасбаев.

- Қазіргі уақытта көптеген жастардың өз істерін ашып, береке тауып отырғандары бізді қуантады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен көмек кәсіп бастаймын дейтін жандар үшін үлкен мүмкіндік. Біздің «Атамекен» шағын қаржы ұйымы жұмыс істеп тұрған және кәсібін жаңадан бастаймын деген ауыл тұрғындарына жеңілдікпен несие береді. Мал шаруашылығымен айналысамын дейтін жандарға 7 жылға дейін, қалаған барлық кәсіп түріне 6 жылға дейін шағын несие беріледі. Шағын несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылына 6%. Біздің палата кәсіпті енді бастаған жандарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, құжат бойынша көмегін тигізуде, - дейді кәсіпкерлер палатасының директоры Берік Ибраев.

Мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасап жүрген жас мамандар мен Камшат Дөненбаева атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері кеңес отырысына белсене қатысып, көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды.

Аудандық жастар ресурстық орталығының

әдіскері әрі «Жастар Рухы» Жастар қанатының төрайымы Алена Токарева іс-шараның жастардың болашағына тигізетін пайдасы мол екенін атап өтті.

- Жобаның жас буын келешегіне тигізетін пайдасы орасан зор. Бұл кеңес оқуды енді аяқтаған жастар үшін дұрыс бағыт беріп, жұмысқа орналасуына да өз көмектерін тигізеді. Ең алғашқы болып біздің ауданға келіп, кеңестерімен бөліскен «Жастар Рухы» ұжымы мен білікті маман иелеріне алғысымыз шексіз. Санамызда жүрген біраз сұрақтарға жауап алдық. Осындай пайдасы мол жобалар алдағы уақытта көптеп ұйымдастырылса екен, - дейміз дейді орталық әдіскері.

«Ел боламын десең, бесіңді түзе» дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтың орны бөлек. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Бүгінгі заманда жастарға зор сенім мен үміт артылып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын ете білейік.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА